

ОТЫРАР кітапханасы

Ақ параттық библиографиялық
қ амтамасыз ету бө лімі



Оттырар ауданының құрылғанына 90 жыл!

/аудан тарихынан қысқаша деректер/

Оттырар 2025

**«Отырар ауданының құрылғанына 90 жыл»[аудан тарихынан қысқаша деректер] Отырар кітапханасы;
құрастырған: Р.Мақтабекова . – Отырар.**

Алғы сөз

Өзінің бай тарихымен, мәдениетімен, әлемге әйгілі атақ-даңқымен қызықтыратын ғажап та киелі өңірдің бірі Отырар ауданының құрылғанына биыл **90** жыл!

Байтақ тарихы мен бақытты халқы бар, рухы мықты Отырар ауданы әсіресе тәуелсіздік жылдарында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, болашаққа нық қадам басып келе жатыр.

Білім мен өнердің, ынтымақ пен бірліктің сарқылмас көзі болып келе жатқан қасиетті Отырар өлкесінің келешегі кемел, болашағы айқын екендігіне сене отырып, Отырардың өткені мен бүгіні жайлы қысқаша деректерді оқырман назарына ұсынамыз.

Құрастырушыдан

Отырар ауданының тарихынан қысқаша деректер:

- ▶ **1926** жылы Темір стансасында тұңғыш бастауыш мектеп ашылды.
- ▶ **1927** жылы көптеген серіктестіктер ұйымдастырылды.
- ▶ **1929** жылы колхоз ұйымдастыру басталды.
- ▶ **1930** жылы аяғына таман аудан тарихындағы ерекше оқиға - «Шәуілдір съезі» деп аталып кеткен үлкен жиын болды. Онда халықты отырықшылыққа көшуге, колхозға бірігуге, Арыс өзенін бөгеп, Шәуілдір каналын қазуға шешім қабылдады.
- ▶ **1930** жылы қарашаның 8-і күні түс ауа канал қазу, өзенді бөгеу жұмыстары басталды.
- ▶ **1930** жылы колхоздардың ұйымдастырылуына байланысты мектептер саны 6-ға жетті. Ауданда алғашқы оқу бөлімін Жүзжанов Исабай басқарды. Білім саласы 2 рет бүкіл одақтық, 4 рет республикалық, бірнеше рет облыстық жарыстың жеңімпазы атанды.
- ▶ **1931ж.** ауданды алғашқы бес колхоз ұйымдасты: «Абат» (төрағасы Т.Бозшабаев), «Кенес» (Ә.Тойлыбаев), «Жаңаарық» (А.Құрманбаев), «Отырар» (О.Бәймішев), «Қызылтүркістан» (Ж.Рүстемов).
- ▶ **1932** жылы Арыс өзені бөгелген тұстан инженер А. Мереевтің басшылығымен шағын су электр стансасы салына бастады.
- ▶ **1934** жылы 27 желтоқсан айында № 106 бюро қаулысымен Шәуілдір ауданын құру туралы шешім қабылданып, Оңтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің 1935 жылғы 16 ақпандағы бюро қаулысында Түркістан және Шәуілдір аудандарының шекаралары белгіленді. Жаңа құрылым Шәуілдір деп аталды. Аудан орталығы Темір станциясы болды. Шәуілдір ауданы партия комитетіні 1-ұжымдық мәжілісі 1935 жылы 12 ақпанда өтті. Ауданда «Интернационал», «Ақтөбе», «Беларық», «Сталинабад», «Кенес», «Отырар», «Қызыл Түркістан», «Талапты», «Ынталы», «Қоғам»,

«Байылдыр», «Қарғалы», «Ногин»(қазіргі «Арыс»), «КСРО-ның 60 жылдығы» (қазіргі «Көкмардан») кеңшарлары құрылды. Жер серіктестіктері, ұжымдық шаруашылықтар: **Маякұм, Күмкөл, Шенгелді, Ақкөл, Балтакөл, Жаңашаруа, Ақынтоғай, Овцевод, Ызакөл, Сарыкөл** т.б. елді мекендер жаңа аудан құрамына енді.

► **1933** жылы ауданымызда алғашқы емхана ашылып, дәрігер С. Сергеева жұмыс істеген.

► **1934** жылы аудандық денсаулық сақтау бөлімі ұйымдастырылып, оны дәрігер Н. Төлегенов басқарған.

► **1935** жылы аудан орталығынан қазіргі Жамбыл мектебін Өзбекстан делегациясын бастап келген Ю. Ахунбабаев салдырды. Осы мектептің жанынан алғашқы интернат ашылды. Бұдан кейін ілешала аудан көлемінде Қоғам, Темір, Қарғалы, Шілік, Ақтөбе, Қаракөл, Овцевод орталау мектептері дүниеге келді.

► **1935** жылы октябрьде стахановшы әйелдер саны 200-ге жетті, 700 озат қыз-келіншектер «Қазақстанның он бес жылдығы» значогымен марапатталды.

► **1935** жылы аудан орталығынан аурухана ашылып, оның бас дәрігері болып С. Сергеева деген дәрігер жұмыс істеген.

► **1935** жылы аудан Монғолиядан 600 түйе алды. Қаратөбеден түйе зауыты ұйымдастырылды.

► **1936** жылы бастап орталығы «Шәуілдір» ауылы болып бекітілді.

► **1936** жылы ауданда тұңғыш рет 25 төсектік аурухана ашылып, оның бас дәрігері медицина ғылымының докторы Е.Оразақов болды.

► **1937-40 ж.ж.** Қуғын-сүргінге ұшыраған аудан азаматтары саны 82 адамға жетті.

► **1939** жылы Қазақ КСР Жоғарғы Советіне Шәуілдір ауданынан З. Байырбекова тұңғыш депутат болып сайланды.

► **1941 – 1945** жылдардағы Ұлы Отан соғысында біздің жүздеген, мыңдаған жерлестеріміз ерлік пен қаһармандықтың үлгісін танытты.

► **1949** жылы Шәуілдір ауылында көпшілік кітапхана ашылды.

► **1957** жылы барлық колхоздар таратылып, совхоздар құрылды.

► **1941** жылы Соғыс жылдары ауданымыздан **3371** ер азаматтарымыз майданға аттанып, соның **2466**-сы еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін сұрапыл соғыста қаза тапты. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін ауданымыздан **2** жерлесіміз **Кенес Одағының Батыры** атанды. Сол кездегі колхоз жұмысына жастай араласып соғыстың қиын кезеңдеріндегі қиыншылықтарды ерен еңбегімен жеңе білген **Ә. М. Әжіқабылов, Т. Бердалиев, Ш. Ерманов, А. Досымбеков, Н. Құлымбетов, М. Қарамолдаев, Қ. Қуатбаев, Қ. Құттыбеков, Қ. Нарымбетов, Ә. Пірімқұлов, Ж. Смайылов, Ә. Тілеубаев** сияқты тыл ардагерлері соғыстан кейін **Социалистік Еңбек Ері** атанды.

Шәуілдір аудандық комсомол ұйымы арнайы үндеу қабылдап, 1944 ж. аудан жастары самолет жасауға **100 мың сом** қаржы жинады. Ал даңқты жерлесіміз, «**Ақтөбе**» колхозының мүшесі, қазақ халқын дүниежүзіне танытқан әйгілі балуан **Қ.Мұңайтпасов, А.Иманов** атындағы самолет жасау үшін қорғаныс қорына **1 млн. сом** қаржы бергендігі тарихтан белгілі. Аққұм ауылының тұрғыны **К. Мүсірепова** соғыс жылдары **М. Мәметова** атындағы танк колоннасын жасауға өзінің маңдай терімен тапқан **25 мың сом** қаржысын қосқан.

► **1962** жылы өлкелік әкімшілік - аумақтық бөліну кезінде Оңтүстік Қазақстан – «**Шымкент облысы**» болып өзгерді. Іріленген өнеркәсіптік басқармалар ұйымдастырылып, Шәуілдір ауданы Арыс ауданының құрамына өтті.

► **1963** жылы **Ә. Жылқышиевтің** бастамасымен аудан орталығы Шәуілдір ауылына көшірілді.

► **1964** жылы қазіргі аудан әкімшілігінің ғимараты салынды.

- ▶ **1965** жылы аудан орталығына алғашқы асфальт жол жеткізілді.
- ▶ **1967** жылы ауданға жоғары кернеулі электр желісі жеткізіліп, «**Қарлығаш**» кинотеатры пайдалануға берілді.
- ▶ **1969-1970** ж.ж. Ш.Қалдаяқов атындағы орта мектеп салынып бітті.
- ▶ **1973** жылы аудандық аурухана пайдалануға берілді.
- ▶ **1981** жылы ұзындығы 35 километрлік Сырдария-Арыс каналы бірнеше айда қазылып, пайдалануға берілді.
- ▶ **1981-83** ж.ж. аудан екі рет Бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы атанды.
- ▶ **1983** жылы Сырдария өзеніне көпір салынды.
- ▶ **1987** жылы аудан орталығынан әл-Фараби атындағы **Мәдениет сарайы** бой көтеріп, пайдалануға берілді.
- ▶ **1990** жылы мамырда ауданымызда Шәуілдір өңірін суландырудың **60** жылдығы мен ауданның **55** жылдығы атап өтілді.
- ▶ **1991** жылы **5** шілде күні Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумы шешімімен Қызылқұм ауданы киелі тарихи атымыз «**Отырар ауданы**» болып өзгертілді.
- ▶ **1991** жылы Аудандық газет «**Отырар алқабы**» деген атпен шыға бастады.
- ▶ **2003-2005** ж.ж. Азия алабындағы ежелгі сәулет өнері ескерткіштерінің бірі - **АРЫСТАНБАБ КЕСЕНЕСІ** көне Отырар қаласының маңына жерленген Арыстанбаб ата қабірінің басына XII ғасырда салынған. Мазар XIV ғасырда қайта жөнделген. XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен қайта жөнделді. Ғимарат **2003-2005 ж.ж.** Мәдениет министрлігінің көмегімен қайта жөндеуден өтті.

► **2004-2005** ж.ж. ауданда тұңғыш рет «**Отырар таланттары**» халық өнер фестивалі ұйымдастырылды.

► **2006** жылы наурыз айының 16 күні Әбу Насыр әл-Фараби мен сұлтан аз-Заһир Бейбарыстың бейітінен алынған топырақ Отырар жеріне әкелінді.

► **2007** жылы «**Отырар таланттары**» дәстүрлі ІҮ халық өнер фестивалі өткізілді.

► Сенатор Қ. Айтаханов пен өлкетанушы А.Жұмашевтың «**Тәушен**», «**Отырар жәдігерлері**» атты кітаптары оқырман қолына тиді.

► **2008** жылы Отырардың арқалы ақыны Айтбай Белгібайұлының **120** жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді.

-Аудандық Мәдениет сарайында Халық ақыны Ә. Қалыбекованың «**Жыр шапағат**», «**Әселхан әлемі**» атты жыр жинақтарының тұсауы кесілді.

-Бейжің Олимпиадасының чемпионы Бақыт Сәрсекбаев Отырарға келіп, аудан халқымен кездесті.

► **2009** жылы Аудандық туберкулезге қарсы диспансер жаңа жайға көшірілді.

► **2010** жылы Ұлы сазгер Ш. Қалдаяқовтың **80** жылдық мерейтойына орай туған ауылынан «**Шәмші саябағы**» ашылды.

► **2010** жылы аудан орталығынан ауданымыздың **75** жылдығына орай «**Менің Қазақстаным**» саябағы, «**Батыр аналар**» гүлзары, «**Ана мен бала**» аллеясы, «**Қобыз бен домбыра**» монументі ашылды

► **2011** жылы Сырдария өзеніне «**Балтакөл - Түркістан**» көпірі салынды.

► **2012** жылы Әлем ақыны, жерлесіміз М. Шахановтың **70** жылдығы аудандық Мәдениет сарайында зор салтанатпен атап өтілді.

► **2012** жылы ауданымызда әйгілі палуан Қ. Мұнайтпасов пен көрнекті қоғам қайраткері Ө. Жәнібековті еске түсіруге арналған республикалық мәдени шара өтті.

► **2012** жылы ауданның негізін қалаушы Д.Алтынбековтің, қоғам қайраткерлері А.Асқаровтың, Ж.Шаймерденовтың еңселі ескерткіштері ашылды.

► **2013** жылы аудандық Мәдениет сарайында «**Көмейден жыр ағылсын**» атты тақырыппен жас ақындардың облыстық сайысы өтті.

► **2014** жылы Қарғалы ауылында ақын С. Ерубаетовтың еңселі ескерткіші бой көтерді.

► **2015** жылы Аудандық жаңа емхана пайдалануға берілді.
-«**Жүгері кептіру зауыты**» іске қосылды.
-Аудандық орталық кітапхана жаңа ғимаратқа көшірілді.

► **2016** жылы «**Отырар таланттары - 2016**» дәстүрлі V халық өнер фестивалі өткізілді.

Ауданымыздағы әл – Фараби мөлтекауданынан көпқабатты үйлер бой көтеріп, **180** отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Аудан орталығынан «**Шәміл - Дүр**» жастар саябағы ашылды.

► **2017** жылы Әлем ақыны, ұлы Отырардың төл перзенті, жерлесіміз Мұхтар Шахановтың **75** жылдық мерейтойы қарсаңында «**Қазақты әлемге танытқан тарлан ақын**» атты аудан халқымен кездесу кеші жоғары деңгейде аталып өтті.

Оңтүстік Қазақстан облысының **85** жылдығы мен «айтыстың ақберені» атанған Тәушен Әбуованың **85** жылдығына арналған «**Жырыңды сенің сағындым, Тәушен апа!**» атты аймақтық ақындар айтысы өткізілді.

► **2018** жылы Шәуілдір ауылында **210** орындық спорт кешені пайдалануға берілді.

► Аудандық «**Отырар таланттары - 2018**» VII халық өнер фестивалінің ақтық кезеңі өткізіліп, фестивальге әнші, сазгер Марат Омаров қазылық жасады.

► **2018** жылы Темір ауылында **140** орындық балабақша пайдалануға берілді.

► **2019** жылы облыстық бюджеттен (құны 295,7 млн теңгеге) Шәуілдір ауылындағы үш қабатты **24** пәтерлік қызметтік және аудандық бюджеттен (190,8 млн теңгеге) Мыңшұқыр елді мекеніндегі екі қабатты **12** пәтерлік **2** тұрғын үйлердің құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

► **2019** жылы Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі» жанынан туристік қызметті дамыту мақсатында «**Сапар орталығы**» салынды.

► **2020** жылы Ұлы сазгер Ш. Қалдаяқовтың **90** жылдық мерейтойына орай туған ауылынан «**Шәмші үйі**» ашылды.

► **2021** жылы аудан көлемінде «**халық санағы**» жүргізілді.

► **2022** жылы аудан орталығына көгілдір отын қосылды.

► **2023** жылы Талапты ауылында медициналық амбулатория құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді.

► **2024** жылы Аққұм, Шойманов, Ақтөбе ауылдарында заманауи үлгідегі мәдениет үйлері пайдалануға берілді;
- Отырар археологиялық қорық музейінде өлкетанушы А.Жұмашевтің «**Фараби елі**» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

► **2025** жылы атап өтілетін атаулы күндер мен мерейтойлар: Әбу Нәсір әл-Фараби – **155**, Д.Алтынбеков каналы – **95**, Шәмші Қалдаяқов – **95**, Отырар ауданы - **90** , Отырар алқабы - **90** , Қалыбекова Әселхан – **75**, Әмірбек Көпен – **75**.



Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі - 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік: **77-5-78**

Электронды пошта: **Otrar_kitap@mail.ru**